

ӘОК 101.9

**ҒАРИФОЛЛА ЕСІМНІҢ «САНА БОЛМЫСЫНДАҒЫ» (1 ТОМ) ЖАҢАША
ОЙЛАУ МӘСЕЛЕСІ**

Түгелбай Айбек Әбдіғалиұлы

aibektugel@mail.ru

Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ

«Философия» мамандығының 1 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – профессор А. Тұрсынбаева

Болмыс философиядағы ең ежелгі әрі маңызды категориялардың бірі. Жалпы алғанда бар болу, жоқ болу мәселесін қамтитын болмыс ұғымы адамзаттың дүниені біртұтас қабылдауынан туындайды. Болмыс ұғымы өте кең болғандықтан оны зерттейтін ілімнің

айналасында қызу пікірталас әлі күнге дейін жүріп келеді. Осы орайда болмыстың екі түрін атап өтуге болады. Оның алғашқысы тар мағынасында адам санасынан тәуелсіз, тыс өмір сүретін объективті материалдық дүниені білдірсе, кең мағынасында барлық бар нәрсені, атап айтқанда материалдық дүниемен бірге адамның рухани дүниесін, адам санасын, ақыл-ойын, жанын, сезімін қамтиды.

Философия тарихында болмыс ұғымын алғашқы болып енгізген, сондай-ақ болмысты мәселе ретінде қарастырған философ көне грек ойшылы Парменид болатын. Оның пікірінше, болмыс дегеніміз – бар болу, өмір сүру, одан басқа ештеңе жоқ, ал жоқ болу – бейболмыс. Парменид философияға болмыс ұғымын енгізумен қатар Бейболмыс түсінігін де ғылыми философиялық түрде алғаш ұсынушылардың бірі бола отырып, оның проблематикалық жазықтығын ашып берді. Бейболмыстың да болмыспен қатар тең дәрежеде объекті болуға құқылы екендігін байыптады. [1, 123 б.]

Парменид әлемнің болмыс есебінде тұтастығына, мәңгілігіне, ең бастысы бар болуына, өмір сүретіндігіне ерекше назар аударды. Болмыс ілімінің тарихына назар аударсақ, бұл мәселеде ірі ойшылдардың айналып өтпегенін байқауға болады. Мәселен, антикалық дәуірдің өкілі Платонның ойынша, болмыс дегеніміз – мәңгілік өмір сүретін, өзгермейтін сана тектес рухани идеялар дүниесі. Бұл жерде идеялар дегеніміз – заттар мен құбылыстардың түп негізі, оларды анықтап өмірге келтіруші. Заттар дүниесі пайда болады, өткінші, тозады, өледі, яғни шынайы болмыс емес, бар болғаны идеялар дүниесін күңгірт бейнесі ғана.

Діни дүниетаным үстемдік еткен орта ғасырлық философияның өзегіне назар аударсақ та онда «Құдай болмысы» тұрғанын көреміз. Құдай мәңгі, уақыттан да кеңістіктен де тыс. Ол бүкіл әлемді, адамды жаратушы. Ал қайта өрлеу дәуірінде, әсіресе, жана заман дәуірінде ғылым мен техниканың өрістеп дамуына байланысты философияда да адамға, ғылым мен ақыл ойдың жетістіктерін адам игілігіне пайдалануға бетбұрыс алды. Сол себепті бұл мәселеде «болмыс» ұғымын табиғатпен ұштастыруға, адамның жаратушылық қабілетімен, ақыл-ой пәрменділігімен байланыстыруға ұмтылыс пайда болды. Неміс классикалық философияның аса ірі өкілі Г. Гегель шынайы болмыс – «абсолютті идея» тұрғысынан тұжырымдады. Ол Платон арнасын жалғастыра отырып, болмыс мәселесіне объективті идеализм тұрғысынан келгенімен, ең бастысы, болмыс ұғымына диалектикалық сипат беріп, даму процесінде қарастырды.

XX ғасыр соңында қазақ философиясында сана, болмыс ілімі туралы мәселесін жаңа деңгейге көтеріп, теориялық, практикалық тұрғысынан қуаттаған қазақ философиясы өкілі, ғалым Ғарифолла Есім. Оның 1994 жылы жарық көрген «Сана болмысы» (Саясат пен мәдениет туралы ойлар) жинағында қамтылған кейбір мақалаларды жоғарыда атап өткен ғылыми теорияларға сүйене отырып, талдамақпыз.

Кітап мазмұны 1990-1993 жылдары қоғам өмірінде орын алған саяси, мәдени және қоғамдық-тарихи мәселелерге арналған, сол кезеңге, уақыт ағымына сай ғылыми тұрғыда баға беріледі. 1994 жылы жарық көрген бұл кітап еш өзгеріссіз екінші рет қайта басылып шықты. Автордың айтуынша, ғылыми еңбектің қайыра басылуында мәндік өзгерістерге емес, жазу мәдениетінде орын алған кемшіліктерге байланысты болған. «Алғысөзде» академик Ғарифолла Есім бұл туралы былай деп келтіреді: «Сана болмысының» алғашқы кітабы 1994 жылы жарық көрген еді, өкінішке қарай ол көптеген полиграфиялық мәдениетке жатпайтын кемшіліктермен шықты. Сондықтан оны түзетіп, екінші басылымын қайтадан көпшілікке ұсынып отырмын, бірақ кітаптың мазмұны сол қалпында сақталды». [2, 3 б.] Кітаптың полиграфиялық қателіктер болса да алғашқы басылымында кеткен қателіктерді көруі әрі оның өзгеріссіз қайта басылуы автор санасының болмысының да өзгеріске ұшырағандығын байқауға болады.

Осы орайда ең алдымен академиктің Ғарифолла Есімнің тұлғаның өзгеріске ұшырау болуын жоққа шығармайтынына тоқтала кету керек. «Адамның білуі мен білмеуі шартты ұғымдарға айналмақ. Біз білмейтін істі жете жақсы білеміз деп қателікке ұрынсақ, керісінше біліп тұрғанды білмейміз деп тағы қателесеміз, дей келе әлеуметтік саяси өзгерістері

негізінде адамның сана болмысы соңғы ұрпақтың көзқарасынша алдыңғы буын өкілдерінің санасы теріс не оңға ауысып отырады. Бұл туралы былай тұжырымдайды: «Әр жылдың өз санасы, философиясы бар». Өлшем бірлігі ретінде алынған 1990-1993 жылдар арасындағы Қазақстанның саяси сахнасында орын алған оқиғалардың нәтижесінде күрделі өзгерістердің автордың сана болмысына проекциялануы табиғи нәрсе дер едік. Біздің ойымызша, автор әр адамның санасына түскен салмақты саралай отырып, ескі сана мен жаңа заманның текетіресі замандастарының өз-өзін меңгеру мәселесін тудырғанын алға тартады. Бұл қайта өрлеу немесе жаңа заман философия өкілдерінің ұстанған пікірін одан әрі дамытып, солардың принципін жалғастыратынын көрсетеді. Өйткені Ғ. Есім адамзаттың ақыл-ой, жетістігін адам игілігіне пайдалану керек деген ойды астармен ұсынады.

Сана болмысының алғашқы басылымы философ Ғарифолла Есімнің саясат пен мәдениет туралы ойларының тоқсаныншы жылдардағы жинағынан құрастырылған. Зерттеу еңбегінің мазмұнына көз жүгіртсек, автордың екі бағытта ізденіп, оларды өзара ұштастыру арқылы қазақы болмыстың келбетін ашуға тырысқанын көре аламыз. Жоғарыда айтып өткен адамның ақыл-ой санасындағы жаңашылдықты көрсетуді ұлттық дүниетаным мен әлемдік өркениет аясында параллель алып, «жаңаша және қазақша ойлаудың» күреске түсуін жеке тұлғалар арқылы сипаттайды. Философ: «Жаңаша ойлаудың басы қазақтар үшін ХХ ғасырда-ақ басталғанын көреміз», - деп тұжырымдай келе, оған дәлел ретінде 12 мыңнан астам адам қол қойған 1905 жылы маусым айында Семей облысы, Қарқаралы уезі қазақтарының Патшалық Россия мемлекетінің Министрлер Советі Председателіне жазған петициясын ұсынады. Дәл осы оқиғадан кейін ұлттық мүддені қорғаудың үлгісі ретінде ІІ Думада сөз сөйлеген Бақытжан Қаратаевтың көзқарасын сол кезеңдегі жаңаша ойлаудың тұңғыш үлгісін жасаған деген тұжырым жасайды. Қазақы интеллигенцияның көлемін ғылыми түрде деректермен тарата отырып, ұлттық сананың бой көрсетуінің отаршылдық саясатқа оппозициялық бағытта екеніне баса назар аударған. Көптеген мемлекеттердің басынан өткен ірі тарихи өзгерістердің жүзеге асуы әдетте жүйелі бірізді бағыттың нәтижесінде емес, тың, қалыптасқан жүйеге қарсы бағыттан бастау алатын дәлелдер көп. Автор осы бағытта ойысып, ұлттың жаңаша ойлауы сол кездегі биліктің негізгі қарсыласына айналғанын тұспалдап емес, тікелей жазады. Бұл туралы Ғ. Есім «Шынында да қазақ зиялыларының жаңаша ойлай бастауы, арғы тегін біліп алу отаршылдық саясатымен қабыспайтын іс» деп түсіндіреді. [3.66] Яғни, философтың ізденісіндегі әлемдік философиядағы жаңашылдықтың формасы ұлттық дүниетанымнан көрініс табады.

Ғарифолла Есімнің зерттеу еңбегіндегі баяндау стиліне ғылыми әрі публицистік стильдің араласуы тек ғылым жолындағы кісілер емес, қоғамдағы әр білімді тұлғаны шығарманың тұтынушылары етіп отыр. Яғни, жаңашылдықтың не екенін түсінуге тиісті әр білімді азаматтың түсінуіне оңай лайықтап жазылған. Бұл кітаптың оқу құндылығын арттыра түседі. Тағы ерекше атап өтер жәйт, «Сана болмысындағы» мақалалар философ қазақ халқының ұлы ақыны, данышпан Абайдың шығармаларымен параллель өрбіте отырып, ондағы терминдерге анықтама беріп, автор өзі де жаңаша ойлаудың, жазудың жаңа үлгісін ұсынады. Ескі де жаңа терминдердің заманауи сана болмысын ашуда үлес қоса алатынын көрсеткен бұл әдіс автордың жаңалығы дер едік. Абай терминдері арқылы 90 жылдардағы қазақ қоғамының оқырман санасына жат, бөтен тұстарын ашуда «пысықтық», «халық мүддесін шекпенге айырбастау» сөздерін қолдану арқылы әр қоғамның Абай дәуірінен кейін де орын алғанын баян етеді. «Бір орталыққа бағынған әкімшіліктің бюрократиялық жүйесінде «пысықтардың» болуы – қажеттілік» дей келе, оны әлеуметтік типке жатқызады. Осы орайда автор болмыс тақырыбына қызығушыларға сұрақ қояды: «Жалған жаңаша ойлап, әрекет еткендерді осылайша сынап, оларды дәп басып кім екенін анықтап берген Абай өз заманында жаңаша ойлаған ба, жоқ әлде ескіше ойлаған ба?!» Сұраққа өз жауабын ұсынады: «Жаңаша және ескіше ойлау дегендерді біз көбінесе тек таптық тұрғыдан қарастырып, жаңаша ойлауды ескіше деп атап, жалған ойлауды жаңаша десіп келдік. Осы мәселені күні бүгінге шейін әлі шайтастырамыз». [4.126] Яғни, автордың ойынша, жаңаша және ескіше ойлау бар, алайда оның негізгі мәні қазақшылыққа келіп тіреледі. «Қазақша ойлау

дегеніміз – ұлттық ойлау, өмірге қазақ болып қарап, дүниені қазақ болып қабылдау, ұлттық мүдде тұрғысынан сана қорыту». Автор бұл тұжырымының дәлеліне мемлекеттік деңгейдегі мәселені шешуге тырысқан Бақытжан Қаратаевтің баяндамасын ұлттық ойлаудың үздік көрінісі ретінде бағалайды». Автор тарихи деректерге ойысып, шолу жасайды. Ұлы Жүздің Төле биі, Орта жүздің Қаздауысты Қазыбек биі, Кіші жүздің Әйтеке биі бас бірігіп, халық тағдырын шешкен заманда қазақша ойлаудың нендей үлгілері болды, деп жазады. Тарихтың талай тауқыметіне түскеніне қарамай, ілгері ұлт болып қалыптасуына негіз салды. Бұрын тұрмыс салтының қажетті шарты уақыт өте келе, атап айтқанда 90 жылдары ұлт дерті деп атайды. Оның негізгі себебін қазақ халқының бодан болуынан басталды деген объективті ой ұсынады. Дәлел ретінде этнос мүддесінің мемлекеттік тұрғыда қаралуынан түскенінен, ұлттық консолидацияның тоқтап қалуынан, жер игілігі отаршылар қолына көшкенімен байланыстырады. Тағы да Абай шығармасына жүгінеді: «Ел бұзылса, табады шайтан ермек, Періште төменшіктеп қайғы жемек. Өзімнің иттігімнен болды демей, Жемді ғой деп шайтанға болар көмек». Дәл осы жерде отарланған елдің интеллигенциясының өкілі ретінде автор субъективті пікірін көрсеткендей. «Патшалық Россияға қосылудың прогрессивті құбылыс болғанына» күмән келтіріп, болашақ тарихшылар зерттеуіне жүгінетінін айтады. Яғни, XX ғасырдың аяғындағы тарихи көзқарастың зерттеулері қазақы ойлау аясында еместігін меңзейді деп түсінеміз.

Жоғарыда айтып өткендей, автор өз шығармасын баяндау барысында таза ғылыми стильді қолданбаған дедік. Бұл өз кезегінде талдаудың сол кездегі таза ғылым жолындағы немесе қазақ интеллигенциясына ғана емес, жалпы қазақ оқырманының санасының болмысын қазақыландыруға бағыт алғанын байқатады. Академик Ғарифолла Есім лирикалық шегіністер жасау арқылы автор бірден үш мәселені шебер көрсетіп өтеді. Олардың алғашқысы Қазақстанның ұлт ретінде қалыптасуы жолындағы қауіпті миграция, сталинизм, трайбализм. Рушылдықты кедейшіліктің көлеңкесі дей келе, оның негізінен интеллигенцияға жақындау ауру деп сипаттайды. Оның шешімі ретінде қазақша ойлануды ұсынады. Қазақша ойланудан бұрын мемлекеттің трагедиясына айналған жаңаша және ескіше ойлаудың кейіпкерлерін «пысықтар», «шолақ белсенділер» және мәңгүрттер деп бөледі. Сол кезеңдегі қазақ тұрмысының мешеулеп, кейін қалуына себепші солар деген ой түйеді. Аталмыш кейіпкерлер категориясына нақты адамдарды жатқызу арқылы қоғамдағы интеллигенцияны екіге бөлетінін аңғаруға болады.

Шығарма өзегінде жаңаша ойлау мен қазақша ойлаудың ара жігі ажыратылады. «Жаңаша ойлау дегеніміз - қоғамдық сананың прогрессивті көрінісі. Әр заманның өзінше жаңаша ойлау жүйесі болған. XX ғасырдың екінші жартысында жаңаша ойлаудың жаңа типі өмірге ене бастады, деп баяндалады. Автор 1955 жылғы Рассел-Эйнштейн-Жюлио-Кюридің манифестерінің аудармасы мемлекет тарапынан қолдау таппай, жұртшылыққа насихатталмауының нәтижесінің зардабын әлі күнге тартып келе жатқанын түспалдайды. Мәңгүрттіктен арылудың бірден бір жолы ел бастар көсемнің, сөз бастар шешеннің, жайсаңдардың өмірге қайта тууы қажет. Міне, осы ой тұжырым автордың жаңаша ойлау мәселесін шешудегі негізгі тұжырымы болып саналады.

Қорытынды

Философияда ұсақ мәселе болмайды. Әрбір ойдың жүйесі, сан ғасырдың сынынан өткен тұжырымы болады. «Сана болмысының» алғашқы мақаласындағы Ғарифолла Есімнің жаңаша ойлау жүйесінде өрбіткен философиялық ой түзілімін зерттеуге талпындық. «Елу жылда ел жаңа» принципін алға тарта отырып, автор қоғамдық сананы алға жылжытуды ұлттық дүниетаныммен бірге алу керек деген ой ұсынады. Алайда жаһандану дәуірінің әрбір сынағы ұлттар арасындағы шекара бұлыңғырлап, көмескіленген уақытта бұл қиынға соғуы әбден мүмкін. Сондықтан бұл мәселе де ары қарай зерттеуді қажет етеді деген ойдамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Аташ Б.М. Элей мектебіндегі болмыс пен бейболмыс. // Наука и новые технологии. 2009. № 1-2, 123 б mntiik-2009-N1-2-121-123.pdf (science-journal.kg) 2 . Есім Ғ. Сана болмысы

(Саясат пен мәдениет туралы ойлар). – Алматы: Ғылым, 1998. 3 б.

3. Бұл да сонда.

4. Есім Ғ. Сана болмысы (Саясат пен мәдениет туралы ойлар). – Алматы: Ғылым, 1998. 12 б.